

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Қоғамымыздың басты мақсаты-еңбекті адамның бірінші кезектегі өмірлік қажетіне айналдыру. Ал тиімді еңбек ету үшін еңбекшілерге жағдай жасау, олардың денсаулығын сақтау, еңбек жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәсіби ауруды және өндірісте зақымдануды болдырмау қажет. Еңбек қорғау ғылымы осы мәселелермен, яғни еңбектің зиянсыз, қауіпсіз жағдайларын жасаудың проблемаларымен айналысады. Қауіпсіздік техникасын оқытудың мақсаты-трактор,автомобиль кәсіпорны қызметкерлерінің салауатты да қауіпсіз еңбек етуіне жағдай туғызу және оқушыларды теориялық және практикалық тұрғыда дайындау.

Дәнекерлеуші істерді, машиналарды техникалық қызмет көрсету, техниканы сақтауға қойғанда және жөндеу жұмыстарын орындағанда МемСТ және ҚнжЕ талаптарына, автомобиль кәсіпорындарында еңбек қорғау ережелеріне сәйкес орындалатын болу керек. Бұл жұмыстар әдейі арналған орындар (постылар) мен бөлмелерде жүргізіледі. Жөндеу орындарын қажетті құрал-саймандармен жабдықтау мәселесінде еңбек өнімділігі, сапасы және қауіпсіздігі негізгі көрсеткіштер болып табылады.

Дәнекерлеуші істерді, машиналарды техникалық қызмет көрсету, техниканы сақтауға қойғанда және жөндеу жұмыстарын орындағанда посттарын орнату барысында мынадай жағдайларды ескеру керек:

- жұмыскерлердің жайлы жағдайы; заттардың (объектілердің) ыңғайлылығы мен жақсы көрінісі; желдету, жылу, жарықты жеткілікті етіп жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- жөндеу және күту жұмыстарын трактордың, автомобильдің барлық жағынан- астынан, үстінен, жанынан бір мезгілде жүргізу мүмкіншілігі болу;
- пост жабдығының әмбебаптылығы тракторларды, автомобильдерді жөндеу мүмкіншілігі болу;
- қажетті өндіріс ауданының барынша минималды (кіші) болуы;
- орнатылатын құрылғылардың қарапайымдылығы мен арзандылығы;
- пост құрылысының құны арзан болуы.

Техникалық күту және жөндеу зонасында рұхсат етілмейді:

- қозғалтқышты, агрегтарды, бөлшектерді тез тұтанғыш заттармен жууға;
- тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтарды, қышқылдарды, бояу, т.б. сақтауға;
- трактордарға, автомобильдерге жанармай құюға;
- ұсталған сүрткіш материалдарды таза сүрткіш материалдармен бірге сақтауға;
- пайдаланған майларды, бос май ыдыстарын қоюға;
- жүретін және шығатын жерлерді заттармен бекітіп тастауға.